

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ҚР Рәміздерін насихаттауға арналған мектепішілік жоспарының 2025-2026 оқу жылындағы

I жарты жылдық жұмысының хабарламасы

Оқу аптасының басында барлық білім алушыларға сынып сағаттарында Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толуына орай Құтикөл ауылдық кітапханасында мектеп білім алушыларына “Ата Заң - мәңгілік елдің тұғыры” атты тақырыпта ақпараттық сағат өткізілді. Шара, Қазақстан Республикасының Әнұранымен бастау алып, барша оқырмандарды Ата Заң мерекесімен құттықтаумен басталды. Шара барысында оқырмандарға Конституцияның қабылдану тарихы, оның маңызы мен мемлекетіміздің дамуындағы рөлі жайлы мағлұмат берілді. Сонымен қатар, негізгі құқықтар мен міндеттерге тоқталып өтілді. Ақпараттық сағат соңында оқырмандар Конституция туралы өз ойларымен бөлісіп, патриоттық өлеңдер оқып, айтулы мерекенің көркін келтірді. “Конституция-келешек кепілі” атты тақырыпта көрме жасақталып, библиографиялық шолу жасалды

<https://www.instagram.com/p/DN9vbMRCFrX/?igsh=MTglajRpYXhqbmh2dw==>

2025-2026 оқу жылының салтанатты ашылу жиыны «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын жоғары деңгейде аталып өтілді. Жиын барысында мемлекеттік туымызды кіргізіп, Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалды.

<https://www.instagram.com/reel/DODiHXsCN1w/?igsh=NnZmdTV5M3ZzemQ5>

4 сынып білім алушыларына «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатында оқушылар Әнұран орындады. Тәрбие сағаты барысында оқушыларымызға мейірім мен қайырымдылықтың, достық пен сыйластықтың құндылықтары дәріптелді. Тәрбие сағатында Қазақстан Республикасының Конституциясы – егемен еліміздің құқықтық және саяси жүйесінің негізі туралы түсіндірілді.

<https://www.instagram.com/p/DOFqJ3xCGqm/?igsh=a2lpbTRmdGExeXht>

25-қазан Республика күніне орай 7 сынып оқушыларына сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихын, Республика күні мерекесінің мәнін түсіндіру, патриоттық сезімдерін ояту, елге, жерге деген сүйіспеншілікті арттыру.

<https://www.instagram.com/p/DQCAZVCiNrB/?igsh=MWo0djRjbnk0eGFucw==>

25-қазан Республика күніне орай 9 сынып оқушыларына сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды отансүйгіштікке, бірлік пен татулыққа, елжандылыққа тәрбиелеу. Мемлекетке деген құрмет пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

https://www.instagram.com/p/DQCA1v3iFB_/?igsh=MXczN3IydWV5Mmozdg==

Республика күніне орай "Қыран елім-Қазақстан" тақырыбында кітап көрмесі өткізілді. Мақсаты: Білімалушыларды Отанды сүйеге,Қазақстан Республикасының рәміздерін кастерлеп, еліне,туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп,танымдық қызығушылықтарын арттыру.

<https://www.instagram.com/reel/DQEVUEBCBYo/?igsh=ZTVwOGVnOTIreHZz>

25-қазан Республика күніне орай мектебімізде «Жас Ұлан » балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді.Жиын барысында Мемлекеттік Әнұран мен «Жас Ұлан » ұйымының әні орындалды.

<https://www.instagram.com/reel/DQKS7TYCJ3U/?igsh=MXFuaDczOWR5MWN2bw==>

Тәуелсіздік – ата-бабамыздың арманы,бүгінгі ұрпақтың аманаты . .
16 желтоқсан – еркін елдің ең қастерлі күні.
Тәуелсіздік күніне орай мектебімізде «Тәуелсіз елім-Қазақстаным!» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DSS0ChHCAC5/?igsh=YWczZmxqOTEwaGlz>